

## •Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі•

«7M04102 Спорт менеджменті» білім беру бағдарламасы түлектерінің кәсіби қызметінің саласы келесі бағыттарды қамтиды: Жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы педагогикалық қызмет; түрлі ұйымдарда, оның ішінде акционерлік қоғамдарда, қоғамдық бірлестіктерде, мемлекеттік мекемелерде, спорт федерацияларында және басқа құрылымдарда басшы лауазымдарын атқару.

Кәсіби қызмет объектілері басқару органдары мен инфрақұрылымдарды, орта арнаулы және жоғары оқу орындарын, ғылыми орталықтарды, ғылыми-зерттеу және сараптамалық-кеңес беру ұйымдарын, сондай-ақ ведомствоаралық, өңіраралық және халықаралық ғылыми-техникалық мекемелерді қамтиды.

## Кәсіби қызмет түрлері:

- ұйымдастырушылық-  
басқарушылық;

- зерттеушілік;

- аналитикалық;

- педагогикалық

## •Кәсіби қызметтің функциялары•

- өндірісті және басқаруды дамыту бағыттарын жоспарлау;
- басқарудың мақсаттары мен міндеттерін анықтау, сондай-ақ олардың тиімділігін бағалау;
- өндірістік объектінің және басқару жүйесінің құрылымын қалыптастыру;
- персоналды ынталандыру және олардың кәсіби қызметін жандандыру;
- басқарушылық қызметтің барлық аспектілерін үйлестіру және бақылау.